№74 (10064)
17 қыркүйек,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Бәрекелді!

Тұрғындар баспаналы болды

Көктемде елді дүрліктірген су тасқыны халықтың есінен әлі өшпеді. Қаншама тұрғын үйсіз-күйсіз қалды. Ел болып табиғат апатынан зардап шеккен азаматтарымыздың тілеуін тіледік. Қолдан келгенше көмек те бердік. Салдарын жою мақсатында мемлекет тарапынан қыруар жұмыс жасалды. Бүгінде сол қиыншылықты қасқайып қарсы алған азаматтарымыз су жаңа баспана кілтін алуда. Кеше ашық аспанымызды қара бұлт торуылдаса, бүгін міне, көк аспанымыз ашық, көңіл-күйіміз жайдарлы.

Солтүстік Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккен барлық тұрғындар жаңа және жөндеуден өткен тұрғын үйлерге көшті. Баспана кілттерін салтанатты түрде табыстау рәсіміне Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев қатысты.

Статистикаға көз жүгіртсек, Солтүстік Қазақстанда барлығы 1394 үй сатып алынып, 1899 баспана күрделі жөндеуден өткен. Петропавлда 700 үй салынып, жаңа «Бірлік» шағын ауданы құрылған. Бүгінде мұнда тағы 173 үйдің құрылысы аяқталды.

– Тұрғындарға төзімділік танытқаны үшін және аймақты қалпына келтіруге атсалысқан барлық бизнес өкілдеріне, атап айтсақ, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев, «Kazakhmys» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай, «Kaspi» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Вячеслав Ким, «KAZ Minerals Management» директорлар кеңесінің төрағасы Олег Новачукке алғыс айтқым келеді. Сіздерсіз біз мұндай ауқымды құрылысты 3,5 айда бітіре алмас едік, – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

2

Сұхбат

Екпе алу маңызды

Күз мезгілі келгелі ауа-райы да салқындады. Сондықтан болар әсіресе оқушылар арасында суық тию, яғни тұмау секілді дертпен ауырғандар қатары артқан. Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Сондықтан мұндай дерттердің алдын алудың ең тиімді жолы екпе алу болып табылады. Иә, тұмауға қарсы вакцинаны алу, жалпы вакциналау жайында халық арасында кеңінен талқылау жүріп және бұл турасында әртүрлі пікірлер де айтылуда. Кейбірі оның денсаулық үшін қажеттілігін атап өтсе, енді бірі мұның пайдасынан гөрі зияны көп деп жатады. Осы орайда бірқатар сұрақтарға жауап алу сақсатында аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гулзираш Айымбетовамен сұхбаттасқан болатынбыз.

2

Еңбек адамы

Механизатор Жанәділ

Астықтың алтын бояуымен түрленген табиғаттың тамылжыған осы шағы жапан даланы қызу еңбек дүбіріне бөлеген шаруалардың ерен құлшынысымен астасып, ерекше жарасым тапқандай. Біз егін алқабының суреттеуге тіл жетпейтін сұлулығына сұқтана отырып, аудандағы ірі шаруа қожалықтың бірі – «Байтабын» ЖШС-ның егістік алқаптарын аралап келеміз. Күріш пісуінен-ақ «бес қаруын» сайлап, орақ науқанына білек сыбана кірісіп кеткен шаруашылық механизаторлары Сыр салысын ұқыпты жинап алуға асыққан.



«Еңбектің наны тәтті». Осынау аталы сөзді ту етіп, еңбегімен қоғамда абыройға бөленіп жүрген жандар көп. Олар өңірді дамытуға, өндірісті өркендетуге, экономиканы алға жылжытуға, татулық-бірлікті бекем етуге күш салып жүр. Талай жыл табандылықпен жұмыс істеп, кейінгі толқынға үлгі болған азаматтың бірі – «Байтабын» ЖШС механизаторы Жанәділ Байғазиев.

– Биыл өнім мол шықты. Ендігі біздің міндет – сол астықты шашпай-төкпей жинап алу. Сол мақсатта бүгінде еңбек етудеміз. Аталған шаруа қожалықта еңбек етکеніме 20 жылдан асыпты. Еңбектене ішкен дәмнің тәттілігін, тер төге істеген істің сәттілігін жастайымнан түсініп келемін. Техника рөліне отырғаннан қыстай ауылға, көрші ауылдарға мал азығын тасымалдасақ, көктем шығысымен қайнаған тірлікке ден қоямыз. Таңсәріден егістік алқаптарына аттанып, қас қарая ғана үйге ораламыз. Жер жыртып, дән сеуіп дегендей, егінтерін жиылғанға дейін шаруа бастан асады. Комбайннан бастап, тракторда жұмысымды жалғастырдым. Шүкір, ауылда мал ұстап, егін еккеннің ризығы мол болғандықтан отбасым ештеңеден тарылмайды, – дейді еңбек адамы.

Техниканы ұқыпты ұстайтын Жәкең темір тұлпары сынып далада қалғанда да қараусыз тастамай, өзі іске қосып, тапсырылған шаруаны тындырып жүреді. Осы еңбегі бағаланып, шаруашылықта барлық мадаққа ие болған. Жалпы шаруашылықта бүгінде астық тасымалдайтын 4 трактор жұмыс істейді. Соның біреуін Жәкең тізгіндеген. Механизатор 13 тонналық тракторымен күніне 3-4 рейс жасайды.

– Егістік алқабында трактор тоқтап, жүрмей қалды. Қай жерден ақау шығып тұрғанын білемін. Сосын жөндеуге «беспін». Сол жерден дереу жөндей беретінбіз. Қазіргі шаруашылықтағы тракторлар су жаңа, бұзыла қоймайды. Бар жағдай жасалған, қазіргі техниканың бәрі ақылды ғой. Бұрынғыдай емес, жұмыс ауыл шаруашылығы саласында әлдеқайда жеңілдеген. Ол – әрине, техникалардың жаңаруының нәтижесі. Қазіргі кезде жұмысшылар егінді музыканы қосып, әндетіп жүріп егеді. Иә, күзбен қатар келетін егін ору сәті – мүлдем бөлек әңгіме. Егін алқабының сәніне көзіміз тоймайды. Сол алқапқа қарап тұрып-ақ еңбек етуге тәбетің ашылады. Осылай бір мезгілдің, келесі мезгілге дейін жұмысымыз жалғаса береді. Қыс мезгілінде техникаларды жаңа маусымға дайындаймыз, – деп маңдайдан шыпшып білінген терін қолғабымен сүртіп, рөлге отыра кетті.

Техника – өте күрделі нәрсе. Оны игеру, тілін білу, бұзылған бөлшектерін жөндеу немесе ауыстыру да өте күрделі процесс деуге болады. Өте кішкентай бөлшектердің ақауын анықтап, оны басқасына айырбастау, тіпті, токарь станогында қажетті бөлшектерді жонып, келтіру жұмыстары үлкен тәжірибе мен шеберлікпен қатар, едәуір уақытты да қажет етеді.

Кішкентай ғана қателіктің өзінен техника жүрмей қалуы мүмкін. Мысалы, мініс атты да күнделікті міну үшін оған жем-шөп беріп қарамасаң, ол да өздігінен жүрмейді емес пе?! Техника да сондай, оған күнделікті күтім қажет. Әрбір детальдың атқаратын қызметін біліп, оны жуып, майлап отыру қажет.

Бұл үшін маманға өзінің кәсібіне, жұмысына деген қызығушылықпен қатар жауапкершілік, шыдам мен сабыр қажет. Әйтпесе, қай салада болсың, жұмыс істеу мүмкін де, оңай да емес.

Жәкеңді мысал ретінде алатын болсақ, ол механизатор ретінде көптеген қиын жағдайларды басынан өткеріпті. Әйтсе де, «бұл жұмысты атқару қиын, ауыр екен» деген сылтаумен қолды бір сілтеп тастап кетуге әсте болмайды. Қай салада жұмыс істесең де, соның «ыстығы мен суығына» шыдап бағуың қажет. Сонда ғана белгілі бір нәтижеге жетіп, кәсіби маман ретінде қалыптасуға болады. Біздің еңбек адамымен әңгімелескендегі түйгеніміз осы болды.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарих



Служебная записка

Председатель Совета Народных Комиссаров

Уому Сталину

Сәкеннің Сталинге хат жазғаны рас па?

Тарих ғылымының кандидаты Жұмажан Сүлейменнің «Сәкеннің Сталинге хаты» атты мақаласы «Ақиқат» журналында үш айдан бері «салтанат» құрды. Автор: – Ерте ме, кеш пе, жарияланбай қалмайтын бұл хат – төл тарихымыздың бір қызық дерегі. Төменде алғаш рет баспа бетін көргелі отырған Сәкен Сейфуллиннің Сталинге жазған бізге белгілі жалғыз хаты, – деп бастайды. Неге алғаш рет? Бұл хат 2007 жылы «Алаш қозғалысы» деген кітапқа, одан кейін де бір-екі жинаққа енген. Ғылыми ортада неше мәрте талданған. Сонда ғалымдар құрастырған кітапты ғалым оқымаған ба?

Алғашқыда осындай ойға келдім. Мақаланы «Ақиқат» журналының сайты деген сілтеме арқылы Facebook желісінен оқыған болатынмын. Авторын жыға танымадым. «Сәкеннің Сталинге жазған хатын» көшіріп алдым да маған белгісіз авторды іздестіре бастадым. Ғаламтордағы нұсқада авторы Жұмажан Сүлеймен, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің қызметкері, тарих ғылымының кандидаты деп жазылған. Сол бойынша Қазақстан Республикасы Президенті архивіне хабарластым. Архив қызметкерлері «Ақиқат» журналына шыққан мақаладан хабардар екен. Олар менің Жұмажан Сүлеймен мырзаны іздегенімді естіп таң қалды. Айтуларынша, ол кісі біршама уақыт бұрын бақылық болыпты. 1997 жылдан кейін ҚР Президенті архивінде қызмет істемегенін біліп, мен де қайран қалдым. Себебі ғаламтордағы нұсқада автордың өмірден өтіп кеткенін білдіретін еш белгі жоқ еді.

Бұдан кейін журнал қолыма тиді. Әйтеуір онда автордың бақылық жан екенін көрсетіп, қоршауға алыпты. Әрі қолжазбаның бір-екі тұсын суретке түсіріп басыпты. Тек мақаланы Ж.Сүлейменнің қай уақытта жазғаны жайлы дерек жоқ. Қазіргі уақытта оқырманның көбі сайттардан оқитынын ескерсек, талай адам «көзі тірі» Ж.Сүлейменнің «жаңалығын» түсіне алмай мен секілді іздеп жүрген болар. Іле-шала мақаланы «Жас Алаш» газеті көшіріп басты. «Ақиқат» журналы мен «Жас Алаш» газетіне сілтеме жасап, әлеуметтік желілер жарыса шулады. Мыңдаған пікір «Алашорда азаматтарын жамандапты» деп С.Сейфуллинді жерден алып, жерге салды. Аталған хат жайлы соңғы жылдары жиі айтылып кеткендіктен, бірте-бірте күмәнді тұстары өзінен-өзі шыға бастады. Соның ізімен Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президенті архивіне бардым. Мұрағат қызметкерлері сұраған құжатты ұзатпай тауып берді. Ф.811, Он.,24, Д 243. деп нөмірленген папканың 7-17 беттерінде тұрған «Сәкеннің Сталинге жазған хаты» Ж.Сүлеймен жазғандай ешқандай кеңселік тіркеу белгілері қойылмаған, машинкамен басылған он беттік фотокөшірме екен. Сәкеннің қолы жоқ. Бірақ «Ақиқат» журналы «хаттың» соңына С.Сейфуллиннің қолы деп белгі қойған («Жас Алаш та» да солай). Мұны қалай түсінуге болады? Сәкен үшін редакция қол қойған ба? Осы хатты архивтен көрдім деп соғатындардың қарасы көп еді. Анығында «Лист использования единиц хранения 811-24-243» парақшасында 19.08.1983ж. Қозыбаев, 22.01.1997ж. Ж.Сүлейменов, 09.02.2005ж. Грибанова (шамасы баяндау хатты 2007 жылы «Алаш қозғалысы» жинағына осы ғалым енгізсе керек), 18.05.2016 ж. А.Тулетбеков деген ғалымдардың ғана 811-ші қордағы «Сәкеннің хатын» (7-17 б.) қарағаны туралы кеңселік белгілер мен қолдары тұр. Папкадағы нақты қай беттерді қарағаны жайлы жазбаған тағы екі-үш адамның қолы бар. Қалған бес-алты адам басқа деректерді оқыпты. Баяндау хат пен тіркеу парақшасының көшірмесін түсіртіп алдым. Енді аталған баяндау хаттың күмәнді тұстарына назар аударайық.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Сайлау – 2024

Таңдықтар таңдау жасады

Жексенбіде Таң ауылының тұрғындары өз таңдауын жасады. Иә, ауылдық округте өткен сайлауда халық белсенді болды. Олай болатын жөні бар, себебі тұтас бір ауылдың тынысы елдің дұрыс таңдауына тікелей қатысты еді. Бұл жауапкершілікті жергілікті жұрттың түйсінгенін аңғару қиын емес. Бәрі де сайлауда белсенді болды. Міне, халықтың саяси науқанның маңызын уақыт өте түсініп жатқанын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Айта кетейік, бұған дейін ауылдық округ әкіміне 3 үміткер нақтыланған. Барлығы да – жас та болса мемлекеттік қызметте тәжірибе жинаған білікті мамандар. Оның бірі аудан әкімдігінде бас инспектор болса, енді бірі ауыл әкімдігінде бас маман қызметін атқарады. Соңғысы – Таңда осыған дейін әкім қызметінде болған Қайрат Сейдахметов. Барлығы да осыған дейін елге баспасөз құралдары арқылы 4 жылдық сайлауалды бағдарламасын ұсынған. Мақсат белгілі, елдің үлкен сенім артатынын бәрі де жақсы біледі. Сондықтан төрт жылда Таңды тындырымды жобалар арқылы түрлендірсем дейді.

Қазыналы қарттар сайлаудан шет қалмады

Айта кетейік, Таң ауылдық округінде 1304 тұрғын бар, оның 761-і сайлауда дауыс беру құқығына ие. №136 сайлау учаскесіне бірінші келген Жалғасбай Өмірбаев өз таңдауын жасап, саяси науқан өз дәрежесінде өтетініне сенім білдіріп, ақ батасын берді. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы мұндай маңызды шараларда жастарға үлгі болуды өзіне парыз деп есептейді.

Болатбек Жәнібеков атамыз Таңдағы қазыналы қариялардың ең үлкені екен. Жасы тоқсанға таяған атамыз таңмен таласа сайлауда өз таңдауын жасауға асығып келді. Ол әр азамат ел ертеңі, береке-бірлігі мен ауыл тұрғындарының өрісті өмірі үшін дауыс беруге мүдделі екенін айтады. Тізгінді қай азамат ұстаса да, ең бастысы ауыл халқының игілігі үшін қызмет етуі керек екенін де жасырмады.

Болатбек Жәнібеков зейнет жасына дейін де қоғамдық жұмыстардан қол үзбеген. Таң ауылындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің тексеру комиссиясының мүшесі және басқа да қоғамдық қызметтерді абыроймен атқарған. Санаы ұмыры жастарға үлгі болған қария кешегі сайлауда да өскелең ұрпаққа өнеге болды.

– Мен неге ел ертеңі, береке-бірлігі үшін мұндай шаралардан құр қалмау керек деймін? Рас, бұл – тек бір ауылда өтіп жатқан сайлау. Сол ауылдың болашағы өзімізге байланысты екеніне де ешкімнің дауы жоқ. Бірақ осы елді мекеннің бүгіні мен ертеңінің де ел болашағында айрыша орны бар. Міне, келешек үшін келелі істерден шет қалмайық дейтінім де сондықтан. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ауылымыз көркейе берсін, халық лайықты таңдау жасап, ауылдың болашақ әкімі Таңды түлетуге тер төксін. Сонда біз бүгінгі шарадағы міндетіміздің жемісін көреміз, – деді абыз ақсақал.

Таңда таңмен таласа басталған сайлауда алғашқы дауыс бөрген, ең қарт сайлаушы мен белсенді сайлаушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Сайлау учаскесінде арнайы фотозона ұйымдастырылып, өз таңдауын жасауға келген ауыл тұрғындар ұлттық тағамдардан дәм татты. Тіпті ұлттық ойындардан жарыс та ұйымдастырылды.

Ұстаздар отбасы өз таңдауын жасады

Атымтай Нәсиұлы саяси науқанға отбасымен түгел келді. Осындай өнегелі отбасының сайлауда төбе көрсетуі де – кейінгі жастарға үлгі. Атымтай Нәсиұлы мен жары Мейрамкүл Тыныбаева саналы ғұмырын білім саласына сарп еткен ардагер ұстаздар. Талай шәкірттің шамшырағына айналған ұлағатты ұстаздар әлі де мұндай маңызды шаралардан шет қалмай жастарға өнеге болуда.

– «Ел ішінде өте маңызды саяси науқан болып жатқанда өз таңдауыңды жасауға асықпау – азаматтық парызды орындамау» деп білемін. Мен осы жасыма дейін елдегі елеулі істерден тыс қалған емеспін. Өйткені мен үшін елдің ертеңі маңызды. Бүгінгі сайлауға отбасыммен келуім де тегін емес. Немерелерім ертең өскенде мұндай шаралардың маңызын түсінетін болады. Сайлауда басым дауыс жинап, ел сенімін арқалайтын азаматқа тек сәттілік тілеймін, – деді ардагер ұстаздар.

Батыр ана ауыл болашағына бейжай қарамайды

Бірлік түбі – береке» деген. Ертемен сайлау учаскесіне келіп, таңдау жасап, саяси науқанға атсалысып жатқан ауылдастарыма ең алдымен ризашылығымды білдіремін. Бұл сайлау бәріміз үшін маңызды. Өйткені еліміздің, өзіміз тұратын ауылдың келешегі үшін маңызды қадамдар жасалуда.

Алтынқұрсақты ана Ажарқүл Тәшенова осылай деді. Он бала тәрбиелеп өсірген батыр ана бүгінде перзенттерінен тараған немере-шөберелерінің қызығын көріп отыр. Отбасының береке-бірлігін, қазақы қаймағын сақтап отырған анамыз саяси науқанға ұлттық киіммен келіп, көз сүйсіндірді.

Сайлау учаскесінде маңызды шара жоғары деңгейде өтті. Сайлаушылар өз таңдауын жасауға асығып, ауылдың береке-бірлігі мен тату-тәтті тірлігінің көпке үлгі екенін дәлелдеді. Сенім артқан үміткерге дауыс берген сайлаушылар қатарында Тәжік-ауған соғысының ардагері, Семей ядролық сынақ алаңында болған ардагерер мен өзге ұлт өкілдері де болды.

Еңбек Ері де төбе көрсетті

Саяси науқанға дауыс беруге келген сайлаушылардың бірі – Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев. Ол бұл саяси науқанның маңызы зор деп есептейді.

– «Елдің, өзіміз тұратын ауылдың болашағына тамшыдай болса да үлес қосамын» деген әрбір адамда түсінік қалыптасуы керек. Үміткерлердің сайлауалды бағдарламасында өңірдегі, ауылдағы әлі де атқарылатын жұмыстар, жарқын жобалар қамтылған. Мұның бәрі жүзеге асса, ауылымыз көркейіп, экономикасы дамып, әлеуметтің әлеуеті артады деп сенемін. Елдің сенімі ақталып, таңда тың жобалар жүзеге ассын, – деді Имамзада Қуанышбайұлы.

Айта кетейік, Имамзада Шағыртаев – Таң ауылының таңғажайып күйге енуіне, көркейіп-гүлденуіне маңдай терін төгіп жүрген азамат. Еңбек Ерінің игі бастамаларын, Таңның дамуы жолындағы жұмыстарын, қайырымдылық шараларын аудан жұрты жақсы біледі.

Ауыл жанашыры И.Қуанышбайұлы төрағалық ететін «Таң ЛТД» шаруа қожалығы бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеумен айналысады. Шаруашылықтың жалпы егістік көлемі – 5236 гектар. Оның ішінде Сырдың басты дақылы күріш – 3000 гектар. Мұнан бөлек 1480 гектар жоңышқасы тағы бар. Ал қалған 580 гектары – жайылымдық жер.

Шаруашылық соңғы жылдары егісті әртараптандыруға басымдық берген. Яғни суды аз қажет ететін жүгері, мақсары және басқа да бақша дақылдарын өсіруді де қолға алуда. Бүгінде серіктестіктегі төрт түлік саны 600-ге жуықтаған.

Іскер азамат бүгінде шаруасын ширатып, 400-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 225-і – Таң ауылының тұрғыны. 2011 жылдан бастап шаруашылықтың техника паркі түгел жаңартылған. Серіктестік жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 6 күріш оратын және 13 күріш бастыратын «Джондир» комбайны, 10 лазерлік жер тегістегіш, 36 трактор, 13 автомашина, 2 астық тиегіш, 1 экскаватор, 2 погрузчик, 1 автогрейдермен қамтылған. 2012 жылы облыста алғаш рет жалпы құны 30 млн теңгені құрайтын жаңа технологияларды пайдалана отырып, тамшылатып суару әдісімен картоптың «Gala» сұрпын екті. 2019 жылы «тұқым шаруашылығы» статусын алып, қазіргі таңда аудан шаруашылықтарын I репродукциялы «Лидер» сұрпымен қамтамасыз етуде. Сапалы тұқым дайындау үшін 86 млн теңгеге тұқым тазалау қондырғысын алдырды.

Кәсіпкер осыған дейін жалпы құны 400 млн теңгені құрайтын үлкен 2 күріш зауытын іске қосқан. Қазіргі таңда өндіріс орнында 30 адам тұрақты жұмыс жасайды. Тәулігіне 200 тонна күріш ақтайтын қос цехта күрішті егуден бастап, сатуға дейінгі жұмыстар бір ізге түскен. Іскер азамат 2022 жылы Ресей, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттеріне 2 мың тонна күріш экспорттаса, былтыр бұл көрсеткіш 5 мың тоннаны құрады.

Қазір аяқ су қат болған шақта суды үнемдеу ерекше маңызға ие. Имамзада Шағыртаев басшылық ететін шаруашылықта аяқ суды үнемдеу де жолға қойылған. Суды 60-70 пайызға үнемдеу және ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру мақсатында қытайлық инвесторлармен бірге Шиелі ауданында жалпы көлемі 3 мың гектар жерге жүгеріні тамшылатып суару әдісімен егу жобасын қолға алды. Жобаның жалпы құны – 1,2 млрд теңге.

Мұнан бөлек Еңбек Ері 2018 жылы жалпы құны 150 млн теңгені құрайтын ет өңдеу цехын салып, бүгінде жартылай дайын өнімдерді әзірлеуде. Қазір өндіріс ошағы тәулігіне 1 тонна консервіленген ет шығарады.

Ол тапқанын «тек өзіме болсын» дейтіндердің сұрпынан емес. Қай жерде кәсібін бастаса, сол өңірдің халқының әлеуметтік жағдайы оны бейжай қалдырмады. Туған жерін түлету мақсатында да ауылынан ілкімді жобаларды қолға алып, елдің игілігіне жұмыс жасады. Осыған дейін Таң ауылдық округіне жалпы құны 1 млрд 56 млн теңге демеушілік етті. Іскер азамат туған жерінде жалпы құны 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып берді. Қазіргі таңда онда 21 адам жұмыспен қамтылған. 56 млн теңгеге спорт кешенін ашып, 16 адамның тұрақты жұмыспен қамтылуына қолғабыс етті. Ертең аядай ауылдағы шағын кешеннен байрағымызды биіктен желбіретіп, әнұранымызды әлемдік додаларда шырқататын жастардың шықпасына кім кепіл. Міне, осы ретте оның тек ауылдың әлеуетіне ғана емес, жастардың да болашағына алаңдайтын азамат екенін аңғару қиын емес. Мұнан бөлек кәсіпкер 70 млн теңгеге Таңда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш орнатты. 2021 жылы ауыл ішін абаттандыру мақсатында 130 млн теңгеге үлкен М-32 трассасы мен ауыл ортасындағы жол бойына жарық шамдарын орнатып, көшенің қос бетіне қоршау жұмыстарын жүргізді.

Шаруашылық еңбеккерлерін ынталандыру және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында 2011 жылдан бері жыл сайын үздік нәтиже көрсеткен диқандар мен механизаторларға 6 жеңіл автокөлік, 300 млн теңге қаржылай сыйақы беруді дәстүрге айналдырды. Игі дәстүр былтыр да жалғасын тауып, серіктестік еңбеккерлері темір тұлпар таңымдады. Енді Еңбек Ері 10 отбасына тұрғын үй салып жатыр. Туған жерді түлетуге тер төккен азамат кешегі сайлауда ауылын абаттандыруда әлі де аянып қалмайтынын жеткізіп, өсіп-өнген өлкенің болашағы бейжай қалдырмайтынын тілге тиек етті.

Жалпы ауыл жұрты саяси науқанда белсенді болды. Бұдан туған жердің ертеңі үшін жергілікті халықтың қарап қалмайтынын аңғардық. Қорытындысына келсек, сайлаушылардың басым дауысын жинаған Қайрат Сейдахметов Таң ауылдық округінің әкімі болды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тұрғындар баспаналы болды

Мұнан бөлек Петропавлдағы жаңа «Бірлік» шағын ауданында «Kaspi» компаниясы балабақша құрылысына демеушілік етуде және 600 орындық мектеп салу жоспарланып отыр. Жақында ықшам ауданға асфальт жол төселіп, автобус қатынайтын болады.

– Бүгін мен көптен күткен үйдің кілтін алғаныма өте қуаныштымын. Бәріміз үшін бұл табиғи апат өте қиын тиді. Алайда, біз төзімділік таныттық. Осы орайда елімізге, Мемлекет басшысына, әкімдікке және құрылысшыларға, күндіз-түні дамылсыз жұмыс істеп, үйлерімізді тез арада тұрғызуға атсалысқан барша азаматқа алғыс айтамын. Мен Ойқалада тұрдым, енді жаңа үйде өмірді тың серпінмен жалғастырамыз, бұйырса мал мен бақшам болады. Мен күллі Қазақстан халқына көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін шексіз алғысымды білдіремін. Енді жаңа, кең әрі жарық үйіміз бар. Бүгін бәріміз өте қуаныштымыз, – дейді «Бірлік» шағын ауданының тұрғыны Дәурен Хамзин.

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарымен бірге су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарының тұрғындары жаңа және жөндеуден өткен үйлеріне толығымен қоныстанған. Мұнан бөлек Ақмола облысына қарасты Журавлевка ауылында 42 үй, Иванковка ауылында 41 пәтерге арналған бір қабатты үйлер және Вознесенка ауылында 16 үй салынып жатыр. Әрбір жеке үйге 10 сотық жер телімі қоса беріледі. Барлық жаңа үйге қажетті коммуникациялар өткізілген. Қазіргі уақытта іргелес аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тұрғын үйлер «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен салынуда.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айтпаса керек. Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерде қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Кеңес

Құрылыс сапасы бақылауда

Соңғы жылдары ауданымызда жаңа ғимараттар бой көтеріп, сол нысандар халық игілігіне қызмет етуде. Сондай-ақ аудан орталығында салынған зәулім сауда орталықтары кент көркін келтіріп тұр.

Осы орайда облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан бойынша жүргізіліп жатқан құрылыс сапасын арттыру жөнінде тиісті тапсырмалар жүктеді.

Биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінен жалпы құны 175 млн теңге болатын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Қаракеткен ауылындағы жалпы құны 388,7 млн теңгені құрайтын типтік жобадағы жаңа дәрігерлік амбулатория салынып жатыр. Халықтың сұранысына сай бой көтерген жаңа нысан жыл соңына дейін ел игілігіне беріледі.

Аймақ басшысының қолдауымен кент орталығынан жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығы салынуда. Жауапты сала басшыларына құрылыс жұмыстарының уақытылы және сапалы болуын қатаң бақылау тапсырылды. Аудан орталығындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы талапқа сәйкес болуын, жабдықтардың талапқа сай болуы қажеттігін айтты. Мұнан бөлек Мырзабай ахун, Т.Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту, М.Шәменов, Ақсу ауылдарын газдандыруды мерзімінде аяқтау маңызды міндет екенін жеткізді.

Кенттен халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 101 тұрғын үй сатып алу барысында баспана сапасына аса мән беруді ескертті. Тапсырмалардың толық орындалуын бақылау сала бойынша жауапты орынбасарға тапсырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Екпе алу маңызды

– Гулзираш Сыдыққызы, вакциналау қаншалықты міндетті және оған қарсылық танытқандармен қандай жұмыс жүргізу керек?

– Әлемдегі барлық вакциналар міндетті және ерікті деп жіктеледі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сәйкес біздің азаматтарға арналған вакциналар да дәл солай міндетті және ерікті болып бөлінеді. Кодекстің 85-бабына сәйкес, біздің азаматтар міндетті вакциналар тізіміне енгізілген профилактикалық екпелерді алуға міндетті екендігі көрсетілген. Халықтың эпидемиялық әл-ауқатын жақсарту, сондай-ақ инфекцияның алдын алу мақсатында Ұлттық вакцинациялау күнтізбесі бекітілді. Иммунитет – организмге вакцина енгізілгеннен кейін жасушалық деңгейде пайда болатын биологиялық процесс. Тәжірибе көрсеткендей, ауырған адамдарда вакциналардың болуына қарамастан, ауру үдерісі жеңіл өтеді, ал асқынулар мен өлім сирек кездеседі. Вакцина алуды міндетті деп ешкім есептемеуі тиіс.

– Вакцинациялау кімдерге жүргізіледі?

Тұмауға қарсы вакциналау жергілікті мекенжайы бойынша тіркелген алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында жүргізіледі. Вакциналау созылмалы аурулары бар 18 жасқа дейінгі балаларға; медициналық қызметкерлерге; жүкті әйелдерге (жүктіліктің 2-3 триместрі); жабық мекемелердегі адамдарға (балалар үйі, үй, интернат); мүгедек ересектер мен созылмалы аурулары бар балаларға және 60 жастан асқан қарт адамдарға жүргізіледі. Қалай дегенде де ақпараттандырылған келісімге немесе вакциналаудан бас тарту құқығы пациенттің өзінде. Екпе алмаған балалар мен ересектердің құқықтарын шектейтін ережелер жоқ. Әрине, «вакциналауға қарсы» проблема тек біздің мемлекетте ғана емес. Адамзат тарихында вакциналаудан бас тарту бірнеше рет қайғылы нәтижелерге әкелді. Еуропаның бірқатар елдерінде вакциналаудың тоқтатылуымен байланысты эпидемияның, вакцинадан сақтануға болатын аурулардың белгілі жағдайлары кездесті.

– Екпе егу қаншалықты тиімді?

– Әр елде әрқалай. Кейбір пікірлерге сүйенсек, вакцинаның тиімділігі тұмау вирустарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ жалпы алғанда тиімділігі 40 пайыздан 60 пайызға дейін болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тұмауға қарсы вакциналау әлемдегі ең жақсы профилактикалық емдеу әдісі екенін анықтады, бұл өз кезегінде халықты тұмаудан қорғайды. Басқаша айтқанда, бұл аурудың ауырлығын төмендететін және асқыну, ауруханаға жатқызу және өлім қаупін төмендететіні анық.

– Вакциналау кейбір салдарға әкеп соғуы мүмкін деп жиі айтады. Адам қандай асқынуларға тап болуы мүмкін және бұл қаншалықты рас?

– Вакциналау тұмаумен ауырып қалмауға толық кепілдік бермейді. Алайда аурудың ағымы әлдеқайда жеңіл өтеді. Өйткені ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алу керек. Қандай да бір асқынулар болған жағдайда да, бұл денсаулыққа үлкен зиян келтірмейді. Әдетте, жанама әсерлер ықтималдығы вакцинаның түріне байланысты. Тірі вакциналар инактивтендірілгенге қарағанда әлдеқайда жоғары.

– Екпені кім салдырта алмайды?

– Тұмауға қарсы вакцина тауық ақуызына төзімсіздігі бар жеке адамдарға салынбайды. Себебі тұмауға қарсы вакцинаның құрамында осындай ақуыз бар. Созылмалы аурулардың өршуімен ауыратын, вакцина компоненттеріне аллергиялық реакциясы бар адамдарға вакциналаудан бас тартуға кеңес береміз. Жұмсақ ауырлықтағы өткір респираторлық вирустық инфекциялармен, өткір ішек ауруларымен ауырған кезде вакциналау температура қалыпқа келгеннен кейін жүргізіледі. Сонай-ақ 6 айға дейінгі балалар мен жүктіліктің бірінші триместрінде вакцинация жасалмайды.

– Екпе салу науқаны қанша уақытқа созылады?

– Ауданымызда вакциналау қыркүйектің 15 нен бастап басталады. Аудан тұрғындарын вакциналау үшін аудандық емханаға 3 мың 620 доза вакцина тегін алынып отыр. Халықтың белгілі бір тобына жергілікті емханаларда ақысыз егіледі.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Сәкеннің Сталинге хат жазғаны рас па?

Бірінші, хат 1925 жылы 22 мамырда жазылған деген болжам жасалған. «...Сәкен Сейфуллин 1925 жылдың 25 мамырында Сталиннің қабылдауында болған. Тіркеу тізіміне «быв. пред. Совнаркома Киргизии» деп қағазға түскен. Екеуара қандай мәселе қозғалғанын дөп басып айту қиын. Сәуегейлік жасау абырой әпере қоймас. Профессор З.Тайшыбай жазғандай, 25 мамырда Сталиннің қабылдауында болған адам 22 мамыр күні Қазақстанда отырып баяндағандай осынша ұзақ хат жаза ма? Екінші, «Хаттың біздің архивтегі нұсқасында Сталиннің оны оқыған-оқымағандығы жөнінде белгісі жоқ. Әдетте қойылатын кеңселік тіркеу белгілері қойылмаған.» (Ж.С). Тіркелмеген құжат айғақ па? Үшінші, баяндау хатта тек «киргизия» деген атау қолданылады. Бізде 1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Ақмешітте өткен Қазақ Советтерінің V съезінде Қырғыз АССР-ын Қазақ АССР деп өзгертуге шешім қабылданған. Қырғыз деген атауға әубастан қарсы болып, «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік!» деп «Еңбекші қазаққа» тоғыз мәрте мақала жазған С.Сейфуллин, Қазақ атымыз қайтарылған тұста неге бастан-аяқ «киргизия» деп көсілген? Төртінші, бұл хаттың екі фотокөшірмесі Астанадағы С.Сейфуллин мұражайында бар. Архивтегі нұсқамен қосқанда үшеуінің машинкаға басылуы, хаттың ресми адрестері мен соңғы автор жайлы қысқаша мәлімет үш түрлі. Бірдей көшірмелер емес. Үшеуі де Сталинге жазылғанымен үшеуінде де Сәкеннің қолы жоқ. Бейне бір үш Сталин болып, соларға үш Сәкен хат жазған секілді. Хат бір адамның атына жазылғандықтан съезге дайындалған тезис деуге де келмейді (Сәкен 1925 ж мамыр айында Мәскеуде екі съезге қатысқан). Бесінші, хатта нақтылық пен жинақылық жоқ. Сәкендей үкімет басқарған сауатты адамның осынша көпірме бос сөздің генсекке түкке керегі жоқ екенін білмеуі мүмкін емес. Сталинге қырғыздар мені ақын деп мойындамайды деп мұң шаққан тұстары тіпті қисынсыз. Алтыншы, бұл хат жайлы Сәкен өз еңбектерінде неге жазбаған? Жетінші, ең негізгісі! Жақында Мәскеудегі мұрағаттардың бірінен Сәкеннің Сталинге 12.07.1923 жылы өз қолымен жазған қызметтік хаты табылды. Бір қызығы, бұрын белгісіз болған хатта Сәкен Сталинге бұған дейін хат жазбағаны жайлы айтады. Ал 1925 жылғы хатта Сәкен Сталинге тағы да бірінші рет хат жазып отырмын дейді мыс. Мұны «Ал бұған дейін Сталинге ештеңе жазбағанын Сәкен өзі жазады» деп Ж.Сүлеймен де растаған. Сонда Сәкен екі жылдан соң Сталинге қайтадан «сізге бірінші рет хат жазып отырмын» деп баяндаған ба? Жалпы хаттың осы секілді қисынсыз тұстары жетерлік.

1923 жылғы қызметік хат Үкімет төрағасының арнайы бланкісіне Сәкеннің өз қолымен жазылған. 1925 жылғы баяндау хат машинкаға басылған. Ешқайда тіркелмеген, қол қойылмаған. Жобасы арнайы дайындалған фальсификацияға ұқсайды. Олай дейтін себебім С.Сейфуллинге қатысты басқа да фальсификациялар бар. Бір құжатта Сәкен 25.02.1938 жылы атылды десе, екіншісінде 09.10.1939 жылы қаза тапты деп берілген. Сол сияқты Сәкенді тергеу кезіндегі хаттамаларда да сәйкес келмейтін екі түрлі мәлімдеме бар (Т.Кәкішев «Сәкеннің соты» 1994 ж «Баспагер» бас). Бәрі де архивтен алынған құжаттар. Ал қайсысына сенуіміз керек?

Қазақ зиялыларының арасына сына қағу үшін НКВД не жасамады? Мұрағат қызметкерлері фотокөшірменің қашан, қалай келгені жөнінде еш мәлімет таппады. Соңындағы сілтемелер арқылы Мәскеу мұрағатарынан іздестіріп едік, ол жақтан да шықпады. С.Мұқанов «Есею жылдарында» «Марксизм-ленинизм институтынан табылды» деп 1925 жылғы хаттан үзінді келтірген. Ж.Сүлейменнің аудармасымен сөзбе-сөз келмесе де, мағыналас. Бірақ таратып жазбаған. Академик, сәкентанушы Т.Кәкішев ағамыз да еңбектерінде бұған қысқаша ғана тоқталған. Соған қарағанда әйгілі жазушы да, әйгілі ғалым да хаттың күмәнді тұстары көп болғандықтан, індетпеген секілді. Сәбең мен Тұрсекең Мәскеуден көрген түпнұсқаның қайда екені белгісіз. Ал С.Сейфуллин мұражайына фотокөшірмелерді 1989 жылы Тұрсынбек Кәкішұлы тапсырыпты. Соған қарағанда Мәскеудегі түпнұсқаның нақ көшірмесі не тіркеу белгісі не Сәкеннің қолы жоқ мұражайдағы нұсқа болу керек.

Өз басым 1923 жылғы хат табылғанға дейін 1925 жылғы хатты жоққа шығарған емеспін. Айтулы ғалымдар құрастырған жинақтардың бірінен соң біріне «жөңкіліп» жүрсе қалай жоққа шығарасың? Ол жөнінде «Арыстарға атылған оқ аз ба еді?» (Әдебиет порталы 22.11.2017 ж) деген мақаламда жаздым. Баяндау хатта Сәкен «оңшылдар» жайлы ащылау жазады. Қазақстандағы хал-жайды баяндайды. Мендешовтің орысшыл екенін, өзінің академияда білімін жетілдіргісі келетінін мәлімдейді. Бірақ Сталиннен «аталған адамдарды түгел түрмеге тығыңыз, болмаса ату жазасына кесіңіз» дегендей ауыр жаза сұрамайды. Тек құрғырдың «донос» деген аты жаман. Көңіл шіркін көрнекті тұлғаны ондай ұсақ тірлікке

қимай жүргенде 1923 жылғы хаттың табыла кеткенін қараңызшы! Енді міне, баяндау хаттың жалған екеніне дәлелдер жеткілікті емес пе.

Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде еңбекші халық жағына шығып, сол ұстанымынан айнымай, кедейдің көсегесін көгертемін деп өткен ақынды кінәлау – әділетсіздік. Ақ пен қызылдың айқасқан заманында, идеялық, таптық тартыстар кезеңінде не болмады, не айтылмады? Академик М.Қозыбаевтің мына бір тұжырымы соған айқын дәлел. «Алаш» жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұрар, Сәкен т.б түсінбеді деп кінәлау қиын. Тұрар, Сәкен, Бейімбет дүркірей көтерілген қалың халықпен болды, оның трагедиясын көзімен көрді. Олар отаршылыққа қарсы шыққан қалың елмен болды. Ол большевиктік үгіттің нәтижесі емес еді. Ол атадан балаға мұра болған жол еді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Ресей қоғамы екіге бөлініп, екіұдай атысып, шабысып жатқан уақытта әділдік тек ақтар жағында болды деп айту қиын. Егер Анненков келіп, орысқазағын қырып, әйелін қорлап, қызын зорлап, малын тартып қанжығалап жатса, ал «Алаш» осы Каледин мен Колчакпен бірлесіп жатса, Колчактың ажал вагонында отырған Сәкен қалай оларды аялауы керек? Ендеше біз өткенді саралағанда диалектикалық өлшеммен қарағанымыз абзал. Сөз жоқ, Алаш ұстанған реформалық бағыт стратегиялық жағынан дұрыс. Оны тарих көрсетті. Бірақ сол дәуір оны дәлелдей алмады...» («Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар». М.Қозыбаев, академик. «Егемен Қазақстан», №125 12.08.1994 ж).

Расында Анненков тек большевиктермен күрескен жоқ, асқан қатыгездікпен қазақтың бала-шағасына дейін көлікпен таптап, байлығын тонаумен айналысты. Сол ланды көзімен көрген Сәкен бір кезеңдерде онымен одақтас болған кейбір жандарға сақтықпен, сынмен қарағаны шындық. Бірақ ешкімге өлім тілемеді, кейін компартия қатарында көбімен қызметтес болды. 1917 жылы 2 қарашада большевиктер партиясының шығыстың барлық мұсылман халықтарына үндеу жасап, езілген ұлттарға өзін-өзі билеу құқұғын береміз дегеніне тек Сейфуллин емес, миллиондаған адам сенді. Аз ұлттарға шекара белгілеуге, автономия алуға мүмкіндік беріп жатса, қалай сенбесін? Халықтың көсегесін көгертеміз деген ұранымыз оншақты жылдан кейін жалмауызға айналады деген жоқ көсемдер. Әрі Сәкен мұздай құрсанған Колчактың өзін төңкеріп тастаған жүйеге қазақ қарсы тұра алмайтынын да түсінді. Кеңес үкіметі арқылы еліне бақыт әкелгісі келді. Бірте-бірте орталық алғашқы бағытынан ауытқып, оташылдық саясат ұстана бастағанда Сәкен ұлт мүддесі жағына шықты. Партиялық тазалаудан өтті. 1924 жылдың соңынан бастап билікте болған жоқ. Өкінішке орай көп адам Сәкен өмір бойы басшылық қызметте істеп, сұрапыл науқандарға атсалысқан деп қате тұжырым жасайды.

С.Мұқановтың «Өмір мектебінде» Сәкен мен Ілиястың тәркілеу мен колхоздастыруға үн қатпағаны үшін басшылар тарапынан қатаң сынға ұшырағандары айтылады. Оның сырты коммунист, іші, ісі ұлттық сипатта екенін жоғарғы жақ сезбей қалған жоқ. Сол кезде Сәкенді сынаған қайраткерлердің бәрі оның нағыз коммунист емес, ұлтшыл екенін айтып, қаралаған. Ақыры ұлтжандылығы үшін атылып кете барды. Солай бола тұра ақынға күйе жағушылар күн санап көбеюде. Сәкентанушы ф.ғ.д, профессор Т.Кәкішұлы, академик С.Қирабаев, ф.ғ.д. К.Ахметова, т.ғ.д. М.Абсеметов, ҰҚК құрметті зейнеткері, жазушы-журналист А.Кәкен сынды ғалымдар архив деректерінде Сәкеннің біреуді қаралап көрсеткені жайлы бірде-бір құжат жоқ екенін сан мәрте жазды, айтты. Бірақ бүкіл орманды өртеуге бір шырпы жететін секілді, «Ақиқат» пен «Жас Алашта» жарияланған осы бір күмәнді «хат» қоғамда Сәкенге деген әділетсіз пікірлерді өршітіп жіберді. Оларға сілтеме жасап, «Сталин жолдас, Алашорда әлі де қауіпті» деген тақырыппен отқа май құйғандар шықты. Кейбір өлермен пікірлерді оқығанда, жүз мыңнан аса зиялымызды ұстатып, жиырма бес мыңдайын атқызып жіберген өзіміз екеніне шүбәланбайсың. Оған дейін де Сейфуллин қазақты қазақ басқара алмайды деп «баяндау хат» жазып Голощекинді алдырған деген жала жабылған болатын. Ал ф.ғ.к. С.Әсіповтің 2002 жылы жазылған «Біз білмей келген шындық аз емес» (2.07.2012 ж Е.Қ) атты мақаласында 1920 жылы қазақты қазақ басқара алмайды деп мүлде басқа қайраткерлер айтқаны жайлы жазады. 1930 жылы 4 қазанда «Советская степь» газетіне шыққан С.Пестковскийдің Қазревкомның құрылуы жайлы естелігіне сілтеме жасайды. Қазревкомға төрағалыққа қалайда Ә.Жангелдинді сайлатпау үшін, «қазақты қазақ басқара алмайды» деп табандылық танытып, айдаладағы поляк С.Пестковскийді сайлаттырған қазақ қайраткерлерінің әрекеті ел ішінде бұрыннан айтылатын. Бұл кезде Сәкен «азап вагонынан» кейін сүзекке ұрынып ажал аузында жатқан. Енді сөз төркіні қайдан шыққанын бағамдай беріңіз. Сол сүреңсіз әңгіменің желісімен ғаламторда түрлі роликтер қаптап кетті. Әсіресе жастар жағында Сәкен Сталинге хат жазудан басқа түк бітірмеген деген түсінік қалыптаса бастады. Сондықтан мемлекет және қоғам қайраткері, дауылпаз ақын, жазушы-драматург, публицист, әншісазгер, ұлы суреткер С.Сейфуллин атқарған ұлы істерге қысқаша тоқтала кеткен жөн болар.

Сәкен 1922-24 жылдары Совнарком төрағасы қызметін атқарды. Үкімет басшысы халық шаруашылығының, өнеркәсіптің, экономиканың ілгерілеуіне тікелей ықпал етті. 1923 жылы 22 қарашада кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы декрет шығарды. Киргизия болып кеткен мемлекетіміздің Қазақ деген тарихи атауын қайтаруға күш салды. Ұлтымыздың дінін, ділін, рухын көтеру мақсатында Яссауи кесенесін қалпына келтіруге қаржы бөлді. А.В.Затаевичке «Қазақтың 1000 ән-күйін» жинаттырды. Жер-жерден көптеген мектептер ашты.

1922-1924 жылдары қазынаның тең жартысын білім саласына бөліп, қазақ жастарының тегін білім алуына мүмкіндік жасады. 1924 жылы қараша айында үкімет басшысы қызметінен кеткеннен кейін білім-ғылыммен, ағартушылық қызметпен айналысты. 1932 жылғы ашаршылық кезеңінде «Қызыл ат» поэмасын, «Біздің тұрмыс» драмасын жазып, баспасөз беттерінде Голощекинге қарсы шықты. Кеңес үкіметінің мүшкіл халін жеткізді.

Ұлттың ұстазы деп А.Байтұрсыновтың 50 жас мерейтойын өткізді. М.Жұмабаев түрмеден шыққанда көмек берді. Шәкәрім қажының кітабын шығарды. Ал ол кезде кеше ғана Алаштың көсемі болған Аханды, алаш сотының биі болған Шәкәрімді, алашшыл Мағжанды құрметтеу нағыз азаматтық, нағыз ерлік еді!

1931-1935 жылдары «Ескі әдебиет нұсқалары», «Билер дәуірі әдебиеті», «Батырлар жыры», «Ақан сері өлеңдері» жинақтарын, Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастанын, Ы.Алтынсаринның, Ж.Жабаевтың, Ақмола өңірі ақындарының өлеңдерін кітап қылып бастырды. Қазақ әдебиеті тарихын алғаш жазғандардың бірі болды. «Қазақ әдебиеті» оқулық-хрестоматиясын құрастырды.

Кәсіпқой театр өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Қазақстан Жазушылар одағын құрды. 1936 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен қазақтың көркем өнері мен әдебиетінің он күндігінде көркемдік жағын басқарды. Баспа ісі мен журналистиканың дамуына орасан үлес қосты. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Әдебиет пен мәдениетке қосқан үлесі ұшантеңіз! Өлеңдері қазақ поэзиясына жаңа форма әкелді, әндері ұлттың үніне айналды. Осынша қыруар істі С.Сейфуллин небәрі 43 жасқа дейін жасап кеткен! 28 жасында үкіметті басқарған. Бір адам үшін аз еңбек пе? Жеке басының емес, ұлтының мүддесі үшін осылай тер төккен!

1974 жылы Т.Кәкішевке берген сұхбатында Ғ.Мүсірепов «қазір Сәкен анаған қарсы болды, мынаған қарсы болды» дейді ғой. Бұның көпшілігі Сәкеннің атымен жасалған істер» деген екен. («Тұғыры биік тұлға», 61- бет, «Үш қиян» баспасы 2002 ж). Демек, Алашты жеккөрінішті қылу үшін Кеңес үкіметі Сәкеннің атымен талай нәрсе жасаған. Солардың байыбына бармай жатып өсекке де, өлімге де оңай қия саламыз. Ол да ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе, өз жолының дұрыстығын дәлелдеу үшін кейде ұрандатып кеткен болар. Бірақ аяусыз қатыгездікке барып, қолын қанға малған жері болса, сәкентанушылар жазар еді ғой.

Ақынды сөзге қалдырған «Тар жол, тайғақ кешу» романы да кейін бұрмаланып кеткен. Әйгілі шығарма жайлы пікірлер де әртүрлі. Алғашқы басылымында қоғамдық-саяси өмірді, тарихи шындықты суреттеген Сәкеннің «Алаш» қайраткерлерін қазақтың оқыған ақ жағалылары деп бағалағанын біреу білсе, біреу білмейді. Роман-эссенің даулы тұстарына жауап іздеген адам түпнұсқасын зерттеген ғалым К.Ахметованың «Ақиқаттың анасы – шындық» атты мақаласынан, «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдыры» (Т.Кәкішұлы, К.Ахметова) кітабынан таба алады. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энцоклопедиялық анықтамасы іспетті романда Әлекең бастаған алыптар жайлы мол деректер қалуының өзі ғылым үшін, әдебиет үшін үлкен олжа. Басқа да мағлұматтар жетерлік. Кітап жарық көрген кезде Алаш азаматтарының ешқайсысы Сәкенге мынауың өтірік деп жазбапты. Тек Н.Төреқұлов «Еңбекші қазақ» газетінің 296 санында көркемдік жағын қатты сынаған.

Жалпы шын ізденгендер қазақ зиялыларының құдалануының себебін «Тар жолдан» гөрі А.Богачев, Н.Мартыненко, С.Брайнин, Ш.Шапиро сынды тыңшы-жазушылардың еңбектерінен, орталықтың құпия жоспарынан көбірек іздесе нәтижелі болар. Біз Кеңес үкіметі тұсында Сәкенді өзіміз әсіре қызылшыл қылып алып, енді сонымен өзіміз алысып жүрген секілдіміз. Алашорда азаматтарымен арасына «қытай қорғанын» орнатамыз, сыйластығы жайлы айтуға сараңбыз. Мысалы, Сәкен Ахаңның 50 жас мерейтойын өткізіп, «Еңбекші қазақ» газетіне үлкен мақала бергеннен кейін Ішкі істер халкомы Ә.Әйтиев ақынды Алашордашы Байтұрсыновты дәріптеді деп баспасөз бетінде айыптайды. Бірақ Сәкен екінші рет «Степная правда» газетіне «Тағы да Ахаң туралы» деп Аханды ұлықтап мақала жазады. Ал бұл достық па, жаулық па? Алаш қайраткері Әлімхан Ермековтің «Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда» жағында болды демесеңдер, Сәкен бізге қарағанда ұлтшыл еді» деген сөзін ескере бермейміз. Ғылымның мақсаты ақиқатқа жету екені белгілі. Дегенмен айтпағанды айтты деп, жазбағанды жазды деп «ақиқат» жасауға бола ма? Совет үкіметін орнатқандар да, «Алаш» та, «Үш жүз» де, М.Шоқай да өз жолдарымен халыққа қызмет етуге тырысты. Бұларға рушылдық, жершілдік принциппен емес, ұлттық принциппен қарауымыз қажет.

Қорта айтқанда, қоғамда дау туғызған, еш жерде тіркелмеген «баяндау хат»ештеңеге айғақ бола алмайды. Мұны фальсификация демегенде не дерсің?!. «Алаш қозғалысы» (2007 ж), «Движение Алаш» сборник материалов судебных процессов над алашевцами» (2011ж, 2016 ж) атты жинақтардың бәрінде АПРК Ф.811, Он.,24, Д 243.Л. 7-17. Фотокопия» деп бір дереккөзіне сілтеме жасаған. Бірақ ешқайсысында құжаттың кеңселік тіркеу белгісі жоқ екені ескертілмеген. Әйтеуір газет пен журналдағыдай Сәкеннің қолы деген өтірік сөз (белгі) жоқ. Журналистер жарияламас бұрын осыларға неге мән бермеген? Ұлттық тарихымызға қатысты құжатқа осынша атүсті қарауға бола ма? «Ақиқат» журналы қолжазбаны кім бергені жайлы мәлімет беріп, көшірмесін толық көрсетуі керек еді. Себебі «Өшіріп тастау қолымыздан әсте келмейтін тарихи шындықтың осы бір көрінісінен дұрыс сабақ алайық.

Арада бірнеше айдан кейін Мәскеуден Қазақстанға аты өшкір Голощекин жіберілді. Онымен бірге қазаққа «Бөлінгенді бөрі жейдінің» кері келді» деген жолдарын Ж.Сүлейменнің атынан өздері қосқанға ұқсайды. Шамасы ол кісі «баяндау хатты» түпнұсқадан қазақ тіліне ертеректе аударған сияқты. Себебі ғалым материалды архивтен 22 жыл бұрын алған. Неге уақытында өзі жарияламаған? Тіпті қолжазба нақты Жұмажан мырзанікі ме? Қолжазбаны жариялауға кім рұқсат берді? Сұрақ көп.

Сәкеннің кейіннен табылған хаты жайлы болашақта талдап жазамын. Мұражайына тапсырамын. Бұл – жұмыс барысындағы қызметтік хат. Сталинге хат жазған, қабылдауында болған басқа да қайраткерлер бар. Бірге түскен суреттері де сақталған. «Сталиннің қабылдауында болыпты» деген сөз қазір құлаққа түрпідей тигенімен, ол кезде қызмет бабымен бір емес, жүз рет кіруі мүмкін. Олардың бәрін генсекпен жолыққаны үшін ұлт мүддесін сатты деп жорамалдай салуға болмайды. Ел үшін құрбан болған арыстардың әрқайсысы – аласартуға келмейтін бір-бір шың! Бәрінің мақсаты – қазақты бақытқа жеткізу.

Қанат ЖҮНІСОВ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

2024 жылғы 15 қыркүйекте өткізілген Жалағаш ауданының Таң ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы ХАБАР

2024 жылғы 15 қыркүйекте Жалағаш ауданы бойынша Таң ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізілді. Жалағаш ауданының Таң ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы №136 учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Таң ауылдық округі әкімінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Таң ауылдық округі әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Таң ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 761 азамат енгізілген, сайлау бюллетеньдерін 603 адам немесе 79,24 пайыз алды, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 5 сайлаушы дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетень саны – 2.

Жалағаш ауданының Таң ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Ибраев Дәурен Сәбитұлы үшін – 49 дауыс, Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы үшін – 43 дауыс, Сейдахметов Кайрат Бегимович үшін – 507 дауыс, «Барлығына қарсы» белгісімен 2 дауыс берілді.

Сейдахметов Кайрат Бегимович – Жалағаш ауданының, Таң ауылдық округінің нәтижесінде сайланған әкімі болып есептелінді.

Сейдахметов Кайрат Бегимович 1979 жылы туған, қазақ, «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкім, Таң ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы ұсынған.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2024 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен 2024 жылғы 15 қыркүйектегі сайланған Тан ауылдық округі әкіміне Сейдахметов Кайрат Бегимович тіркеді.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Кенжеғара Сүлейменов

2024 жылы 14 қыркүйекте Жалағаш ауданының құрметті азаматы, Қызылорда облысының құрметті ардагері, аудандық билер кеңесінің төрағасы Сүлейменов Кенжеғара дүниеден өтті.

Сүлейменов Кенжеғара 1950 жылы 11 қарашада Жалағаш ауданының қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1972 жылы Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінде нұсқаушы болып бастап, бөлім меңгерушісі, комитетінің екінші, бірінші хатшысы қызметіне дейін жоғарылады.

1981-1986 жылдары Ақсу кеңшарында партия комитетінің хатшысы, 1986-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1988-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің хатшысы болып абыройлы еңбек етті.

Ел тәуелсіздік алған тұста, яғни 1991-1998 жылдары Ақсу кеңшарының директоры, өндірістік кооператив төрағасы, 1998-1999 жылдары № 116 орта мектептің директоры, 1999-2003 жылдары аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің директор-редакторы, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы, «НұрОтан» халықтық демократиялық партиясының аудандық бөлімінің төрағасы қызметтерін атқарып, өзінің адал еңбегі арқылы ауданның экономикасы мен әлеуетінің артуына зор үлес қосты. 2003-2016 жылдары аудандық мәслихаттың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы шақырылымының депутаты, мәслихат хатшысы қызметтерін атқарды.

Соңғы жылдары Кенжеғара Сүлейменов ауданның қоғамдық жұмыстарына да етене араласып, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, Жалағаш ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасы, Жалағаш ауданының билер кеңесінің төрағасы, облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі қызметтерін абыроймен атқарып, Жалағаш ауданының 85 жылдық тарихында елеулі еңбек жолын қалыптастырды.

Халықтың кемел келешегі үшін қалтқысыз қызмет жасаған құрметті ардагер еңбек жолында «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен, ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне – 10 жыл», «Астанаға – 10 жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерекелік медальдарымен және ВЛКСМ Орталық комитеті мен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің жоғары наградаларымен марапатталған.

Аудандық билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменовтің қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

А.Ибраимов, Ө.Елеусінов, А.Нұрмағамбетов, Ә.Байнахатов, М.Жамалатов, С.Әлиев

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Жалағаш ауданының құрметті азаматы, Қызылорда облысының құрметті ардагері, аудандық билер кеңесінің төрағасы, «Жалағаш жаршысы» газетінің байырғы бас редакторы

Кенжеғара Сүлейменовтің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сағындық әке, өзіңді

Зымырап жатқан уақытқа кім ілескен, асқар тау әкеміз Жарқынбек Жұмабекұлының ортамызда балаларына бағдаршам болып жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде ардақты әкеміздің бақиға бет түзегеніне де жылға жуықтады. Тағдырдың сынағына сабыр қыласың-ау, бірақ жүректегі ең қымбат жанға деген сағыныш мәңгі өшпейді екен.

Ысқақов Жарқынбек Жұмабекұлы 1959 жылы 4 мамырда М.Шәменов ауылында дүниеге келген. Ауылдағы Ә.Бердаулетов атындағы №34 мектепте оқыған. 1976-1978 жылдары Мәскеуде Пушков ауданында әскери борышын өтеген. 1978-1980 жылдары Түркістан индустриалды педтехникумында білім алды. 1980-1984 жылдары ауылында гидротехник, 1984-1999 жылдары көлік қоймасының меңгерушісі болып еңбек етті. Зейнетке шыққанша 20 жыл Қазақстан темір жолында «Көкшетау-Қызылорда» пойызында жұмыс істеген. Халықтың көңілінен шығып, бірқатар алғыс хаттармен марапатталды. 1985 жылы 26 ақпанда жұбайы Гүлнәрмен отау құрып, төрт баланы тәрбиелеп өсірді. Әкеміз 2023 жылы 1 қарашада 66 жасында дүниеден өтті.

Балаң өсті басқан ізді жол қылып,
Есімің тұр санамызда жаңғырып.
Сағынышпен еске аламыз өзіңді,
Жадымызда сақталасың мәңгілік.

2024 жылы 28 қыркүйекте сағат 12.00-де Жалағаш кенті «Айбибі» ғимаратында Ысқақов Жарқынбек Жұмабекұлының жылдық асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар бауырлары, жұбайы, қыздары, күйеу балалары, немерелері

Бәрекелді!

«Мұрагер» десе, мұрагер екен

Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры, белгілі күйші-композитор Абдулхамит Райымбергеновтың бастамасымен 2003 жылы жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің оқушыларына арнап «Мұрагер» бағдарламасы жасалған. Ал 2007 жылдан бастап бұл бағдарлама аудандық Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің оқу процесіне енгізілген. 17 жылдан бері ұлттық өнермен сусындап жүрген жас өрендер сыныбының қатары жыл сайын артуда. Қаймағы бұзылмаған киелі өнердің жалғаушысы, қазақтың қара домбырасын жанына серік еткен бүлдіршіндірмен кеше танысып қайтқан болатынбыз.

– Бағдарлама оқу процесіне енген сәттен бастап жүйелі жұмыс жасап келеміз. Ең алғаш 2007 жылы алғашқы «Мұрагер» сыныбын әріптесім Алтын Жанашева ашса, 2008 жылы мен аштым. Содан бері жыл сайын бір сыныптан қосылып, қазіргі таңда осы бағдарлама бойынша мектебімізде 4 «Мұрагер» сыныбында 55 оқушы домбыра үйренуде, – дейді Серіккүл Құлысбаева.

Серіккүл Жаппасбайқызы музыка сабағының тәжірибелі мұғалі. 33 жылдан бері өрендерді өнерге баулып келе жатыр. Ұстаздар бүлдіршіндерді домбыра қағыстарын көзбен көріп, сөз иірімдерін құлақпен ілуге, нотасыз аспапта еркін ойнауды меңгеруге, сүйемелдеп ән айту, күй тарту үйретіп, өнерге баулиды. Бала саны жиырмадан асатын сыныпта бұл білімнің барлығын бір мезетте үйрету оңай емес әрине, әйтсе де ұстаздар сағат санының аздығы мен оқушылардың көптігіне қарамай олардың қара домбыраға деген құрметіп қадір тұтып, үйретуден жалыққан емес.

– «Мұрагер» сыныбы деп 1 мен 4 сынып аралығында таңдалып алынған оқушыларды атаймыз. Ал 5 сыныптан жоғары оқушылар «Домбыра» сыныбы деп аталады. Қазір әріптесім Алтын екеуміз 4 «Мұрагер» сыныбына сабақ беру арқылы, оқушыларды ұлттық құндылыққа бейімдеп, қазақтың өнерін әрі қарай жаңғыртып отырмыз, – дейді С.Құлысбаева.

Иә, бұл бағдарламаның да басты мақсаты да осы, балаларға домбыра үйрету арқылы олардың өнерге деген ынтасын арттыру. Ұстаздардың айтуынша, сабақ ең қарапайым жаттығу түрінен басталып, жеңіл әндер мен күйлер үйрету арқылы шығармашылық қоржындары жылда күрделене түседі.

– 1 сыныпта оқушыларға саусақ жаттығуларын, домбыраны қалай дұрыс қағуды үйретеміз. Ал 2 сыныптан бастап жеңіл күйлерді үйрете бастаймыз. Мәселен, былтырғы оқу жылында 2 сынып оқушылары 1 ән, 2 күй үйреніп шықты. Ал қазір 3 сынып оқушыларына қазір «Балбырауын» күйін үйретіп жатырмыз. Жыл соңына дейін 2-4 сынып аралығындағы оқушылар 3-4 күй үйреніп шығады, – дейді Алтын Жанашева.

Сондай-ақ оқушылар сабақ барысында домбыраны меңгеріп қана қоймай, майталман күйші-композиторларымыздың өмірбаянымен, олардың шығармашылығымен толық танысады.

– «Мұрагер» сыныбында оқитын бүлдіршіндердің басқа балаларға қарағанда ерекшеліктері көп. Олар домбыра аспабында ойнауды ерте үйренеді. Есте сақтау қабілеттері жоғары, зерек, басқа сынып оқушыларына қарағанда білім жағынан ілгері болады. Оған облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, оза шығуы дәлел. Иә, қазақтың қара домбырасын жанына серік еткен оқушыларымыз «Мұрагер» сыныбын бітіргеннен кейін де, ұлттық аспапты жанынан бері елі тастамай, ізімізді жалғап келеді. Олар бүгінде жоғары оқу орындарының түлегі. Сондай-ақ бір оқушым қазір өзіммен әріптес. Кезінде осы «Мұрагер» сыныбы арқылы домбыраны үйреніп, мектепті «Алтын белгіге» бітірген жас, бүгінгі күні білікті математик. Әлі күнге домбыра тартып, ұлттық құндылығымызды ұлықтап жүр, – дейді домбырашы ұстаз.

«Мұрагер» сыныбы ең алғаш ашылған жылы Абдулхамит Райымбергенов «Агахан» қоры арқылы мектеп оқушыларына 20 домбыра тегін сыйға тартқан. Мұнан бөлек, мектептің 30 жылдығына орай демеушілердің көмегімен оқушыларға арнап 5 домбыра алынған. Әйтсе де, ұлттық аспапта ойнайтын оқушылардың киімдері мен домбырасын ата-аналары өздері алып береді. Себебі бала домбырамен мектептен тыс, үйде де қолын жаттықтырып дайындалады.

– Негізі әр сыныпта бір тентек бала болады, сабақ барысында ойнап, басқалардың мазасын алып отыратын. Сондай тенте оқушымның бірі бірде сабақ барысында «апай, мен ақыры тарта алмаймын ғой» деп домбыраны қолына алмай, бос отыратын. Бір күні әлгі тентек оқушым домбыраны тарта алмаса да, күйдің ырғағын жаттап алып, домбыраны барабан аспабы қылып күйді ойнап отыр. Оның бұл қабілетімен мектепте өткен мерекелік шарада қолына даңғыра беріп күйді ерекше орындап шыққан болатынбыз, – дейді Серіккүл Жаппасбайқызы.

Иә, «Мұрагер» сыныбындағы балалардың барлығы домбыраның қыр-сырын ұғып, қос ішектен төгілген күйлерді аса ұқыптылықпен орындайды. Олар табиғат берген дарынды ынта-жігермен ұштастырып жүрген бір ғана мектептің емес, тұтас ауданның мақтаныштары.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Байқау

Ойна баян, күмбірле домбыра

Мәдениет ауылында «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының «АРТ уақыт» жобасы аясында «Ойна баян, күмбірле домбыра» атты облыстық әншілер байқауы өтті. Өнер додасында арғы басы Аралдан, бергі басы Жаңақорған ауданынан келген 10 өнерпаз жүлделерді сарапқа салды. Әншілер байқауында мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Нұрлан Қостанбаев шараның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бүгін маңызды шарада бас қосып отырмыз, ауылға аймақтан айтулы өнерпаздар келіп отыр. Осындай игі шаралар жиі ұйымдастырылуы керек. Өйткені қазір жанды дауыста ән ітылады. Бір жағынан дәстүрлі, халық әндеріне де кезек беріледі. Ал өскелең ұрпақ осындай тағылым алып жатса, біздің ұтарымыз көп. Сондықтан барлық қатысушыға тек сәттілік тілеймін, – деді Н.Қостанбаев.

Әншілердің өнерін облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының және Асқар Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанындағы «Сырлы саз» фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі Руслан Әлібекұлы төрағалық еткен қазылар алқасы сарапқа салды. Екі кезеңнен тұратын байқаудың алғашқы кезеңінде қазақ халық әндері орындалды. Ал соңғы бөлімде еркін тақырыпта қазақ композиторларының әндерін шырқады.

Шыны керек, өнерпаздардың бұл байқауға үлкен дайындықпен келгені көрініп тұр. Көрермендер де олардың өнеріне жоғары баға беріп, қошеметін аямады. Тіпті әншілерді жібергісі келмей, қайта-қайта ән қолқалады. Көңілге қараған қазақпыз ғой, олар да елдің өтінішіне енжар қарамай, алдарында шаршағанша ән шырқады.

Қазылар алқасының мүшесі Әсет Шілдебаев қатысушылардың өнерін бағалау оңай болмағанын айтады. Ол бірінші кезекте өздерінің салада жиған тәжірибесіне сүйенгенін, көрерменнің қошеметіне және өнерпаздардың сахналық киім үлгісіне де мән бергенін айтады.

– «Бүгін ауыл жұрты халық әнімен сусындады» десек артық болмас. Расында Мәдениетте ауылдық клуб ұжымының ұйымдастыруымен үлкен шара өтті. Елдің ықыласын көрдіңіздер, ауылдағы ағайын халық әндерін сағынып қалыпты. Қатысушылар да керемет өнер көрсетіп, жиылған жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Осындай байқауда Жалағаштан бірде-бір үміткердің болмауы көңіл қынжылтады. Негізінен бұл байқауға үміткерлер көп болады деп үміттенгенбіз, себебі әлеуметтік желі ашсаң, қолына баян мен домбыра алып, ән шырқап жатқан жастар жетерлік. Бірақ ойымыздағыдай көп үміткер болмады. Десе де байқау жоғары деңгейде өтті. Қатысушыларға алғысымды білдіремін, – деді Әсет Шілдебаева.

Айта кетейік, облыстық байқауда қатысушылардың ешқайсысы жүлдесіз қайтпады. Арал ауданының Жаңақұрылыс ауылынан келген Мағжан Нұрлыбаев, Олжас Жұмажанов пен Қармақшы ауданының Ақай ауылынан келген Береке Нұрмағамбетов пен Нұрбек Айдаров ие болды. Ал екінші орынға қармақшылық Руслан Өтегенов, Ердана Тұрымбетов лайық деп танылды. Бірінші орынды Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылынан келген үміткер Базархан Қаршыға мен Базархан Батырхан жеңіп алды. Ал байқаудың бас бәйгесі Өскенбай Көкен мен Нағысхан Исламбекке бұйырды.

Айта кетейік, барлық қатысушы өнерпаз арнайы дипломдар және қаржылай сыйлықтарға ие болды. Облыстық байқаудың жоғары деңгейде өтуіне ауылдағы кәсіпкерлер мен шаруашылық төрағалары демеушілік етті.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Маман мерейі

Би өнерінің үздігі

Аудандағы балғын бишілер туралы сөз етсек, ойымызға ең бірінші Өнер мектебінде Айбарша Бекбайқызы жетекшілік ететін «Art-Action» би тобы еріксіз еске түседі. Себебі талабы мен таланты ұштасқан жас бүлдіршіндерді тәрбиелегеніне көп болмаса да, бағындырған белесі биік ұстаздың үлкен және кіші тобы облыстық, республикалық өнер додаларында топ жарып жүр. Аталған топтың бүгінгі жұмысымен танысу үшін өнер ордасына бетбұрдық. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жетекші қазіргі таңда алдағы жарыстарға дайындық барысында екенін жеткізді.

– Бишілерімді қазан айында үлкен жарыстар күтіп тұр. Қазір үлкен тобыма заманауи стильде қазақша би қойып жатырмын. Ал кіші тобыма ковбой биін үйретіп жатырмын. Мұнан бөлек, жыл басында бізге жеңіс әкелген «Устроем танцы» биімен, кіші тобым алғаш рет республикалық «Talent show» фестивалінде бас жүлдені иеленді. Себебі бұл би әзірге балалар арасында жоқ. Көбіне халық биі, қойылымдық би, заманауи билер кеңінен тарған. Бишілер арасындағы 5 жастағы қыздар болғандықтан, бұл биді жас ерекшеліктеріне қарап таңдап алған болатынмын. Би барысында бишілер батсапқыда екі тарапқа бөлініп, бір-біріне қарсылас болып, соңында ауызбіршілікпен барлығымыз биді құрайық деп алып шығады, – дейді Айбарша Бекбайқызы.

Дайындық барысында бидің әр элементіне жеке-жеке тоқталып, денені қалай ұстау керек, аяқ қалай тұру керектігін жіті түсіндіретін Айбарша көрерменге шынайы әсер сыйлау үшін әр бидің өзіне бірнеше ай дайындық кететінін айтты. Сондай-ақ ол әр биді шығарарда сюжеті мен аяқталуына атүсті қарамай, көрерменге жаңаша көзқараспен жіберуге тырысады. Мұнан бөлек, жетекші жарысқа көбіне қойылымдық билер дайындайды. Себебі ол бұл би түрі жеңіске бір табан жақындатынын да жасырмады.

– Бала күнімнен биге деген қызығушылығым өте жоғары болды. Сөйтіп бірде анама өзімнің биге қатысқым келетінін айтып, Айбарша апайдың тобына қосылдым. Мен әр сабақты асыға күтемін. Себебі Айбарша Бекбайқызы сабақты қызықты әрі ерекше өткізеді. Жыл басында алғаш рет үлкен байқауға қатыстық. Сол кезде біздің «Art Action» командасының үлкен тобындағы әпкелеріміз бар ақылын айтып, жарыстан жүлдемен оралуымызды, тобымыздың атына кір келтірмеуімізді тапсырды. Кіші топтың барлық қызы осы сайыста бас жүлдені иелену үшін бар күшін салып, күндіз-түні тыңғылықты дайындалды. Бізді қолдаған ата-анамыз бен достары¬мызға және Айбарша Бекбайқызына алғысымыз шек¬сіз, – дейді кіші топ мүшесі Айша Бодыбай.

Айта кетейік, өнер мектебінде «хореография» класы 2018 жылы ашылған. Қазіргі таңда 3 пен 4-ші класс оқушылары бар. Жалпы барлығын қосқанда 36 өнерпаз. Оның 16-сы келер жылы бітірсе, 20 бүлдіршін 2025-2026 оқу жылында бітіреді.

Қазіргі таңда «Art-Action» би тобының шығармашылық қоржынында «Ерке сылқым», «Хорезм», «Жастар» биі, «Қарақшылар» биі, «Шашу» биі, «Қуыршақтар» биі, «Орыс» биі және тағы да басқа әртүрлі ұлт билері бар. Әр жаңа туындыға түрлі сахналық киім тіктіріп, үлкен дайындықпен кіріседі.

– Кез келген жарысқа барарда ең алдымен мені қолдайтын – ата-аналар. Олар қыздарының киімін, қажетті заттарын тауып, үнемі менің жанымнан табылады. Сайыс барысында олар да оқушыларды түгендеп, менің қызым, сенің қызың деп бөліп жармай бәріне бірдей қарап, барлығын киіндіріп, шаштарын дұрыстап көмектеседі. 27 баланың барлығын бір уақытта дайындау кімге болса да оңай емес. Ата-аналарыма алғысым шексіз, – дейді Айбарша Бекбайқызы.

Бүгінде бірнеше түлекке 4 жыл білім беріп, талай жастың талабын шыңдаған жетекшінің шәкірттерінің алды қазір Қызылорда қаласында хореография мамандығы бойынша білім алуда. Осыдан ақ бүлдіршіндерді өнерге баулуда аянбай еңбек етіп, жеңісі мен жемісін қатар көріп жүрген Айбарша Бекбайқызының бойынан мамандыққа деген адалдықты аңғаруға болады.

Сезім НҰР

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1459

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ